

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Музыка дыбыстарын ажырату .

ЖАРИЯЛАНДЫ  
08.09.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/81045/>

**Мақсаты:** Музыка дыбыстарын ажырату .

**Міндеті:**

- 1) Аспаптарды тембірлік үнінен ажырату.
- 2) Музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезініп салыстырып, сәйкес қимылдар жасау.
- 3) Музыканың жоғары, орташа, төменділігін сезіне білу.
- 4) Әнді қуанышты екпінді орындауға, әнге сәйкес би қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру.

**Ұйымдастыру кезеңі :**

Балалар ән- күй залына марш ырғағымен кіреді, шеңберге тұрады.

Ән- күй жетекшісі : Сәлеметсіздерме балалар!

Балалар:Сәлеметсіз бе!

Амандасқаннан кейін балалар орындық барып отырады. (Сол кезде жылаған дауыс естіледі.)

Ән- күй жетекшісі : Балалар сендер жылыған дауыс естіп тұрсындар ма?Дауыс есіктің артынан естіліп тұр ма? (Есікті барып ашады) арғы жағында балапан жылап тұрады, балапанды алып кіреді де.)

Ән- күй жетекшісі : Балалар бізге балапан қонаққа келіпті, бірақ ол көңілсіз, «Әнші балапан» болғым келеді екен, бірақ ән айту білмеймін деп жылап тұр екен. ( Оның қолында қоржыны болады ,оның ішінде сиқырлы ноталар болады.) . Әр қайсысының артында тапсырмалары бар екен. Осы сиқырлы ноталар арқылы балапанға ән айтуды үйренеміз бе? Бірінші нота «**До**» оның артында аспаптардың суреті бар екен. Балалар біз

сендермен қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстық .Қандай аспаптарды білесіңдер?

**Балалар :**Домбыра, қобыз, сазсырнай, жетіген.

**Ән- күй жетекшісі :**Ендеше осы аспаптардың дыбыстарын қазір біз ажыратамыз. ( Балалар үш столға бөлініп тұрады, ұнтаспадан музыка қойылады, балалар ажыратады.)

### **1)Ойын : «Аспаптарды ажырату»**

Келесі нота « **Ре**» оның артында дауысыңды жаттықтыр деп жазылып тұр.

« Нота үйренеміз» айтып дауысымызды жаттықтырайықшы.

### **2) Дауыс жаттықтыру.**

Балапанның келесі нотасының «**Ми**» .Оның артында ән айтып тұрған бала . Кәне бәріміз тұрып балапанға ән салып берейікші. (Әннің бастамасы басталады,қай ән екенін сұрау.)

Мына нота « **Фа**» оның артында ұнтаспаның суреті бар екен. Сендермен мен қазір «Ұнтаспа» ойынын ойнаймыз. Мына дөңгелекті айналдырып, тетікке қай суретке барып тоқтайды, сол жайлы біз ән білеміз бе екен.

### **4) Ойын « Ұнтаспа»**

Келесі нота «**Соль**» оның артында құстардың суреті бар балалар. Ендеше біз қазір төмен, орташа, жоғары музыканы ажыратамыз. Ол үшін біз мына қарлығаштарды музыканы тыңдай отыра ,бағандағы сымдарға қондырамыз. Егер жоғары жіңішке дыбыс болса онда үшінші сымға құсты отырғызамыз, ал егер орташа дыбыс болса онда екінші сымға орналастырамыз, ал егер төменгі жуан дыбыс болса, онда бірінші сымға орналастырамыз.

**5) Құстарды орналастыр « Ля»**нотасының артында балалар ән айтып тұрған баланың суреті . Балапанға сендердің ән айтқандардың ұнады ғой деймін. Ендеше балалар балапанға « Бақытты балалық» әнін айтып берейікші.

әнен кейін балалар шеңберге тұрып қортындылайды.

Балалар біз балапанға мына сиқырлы ноталар арқылы көп нәрсені үйреттік. Біз бүгін ән айттық , аспаптардың дыбысын ажыраттық жоғары төмен орташа дыбыстарын ажыраттық, Ұнтаспа арқылы әндерді қайталадық Балалар балапан сендерге қарап көп нәрсе үйренді . «**Си**» нотасының артында **Ойын: «Өз орныңды тап»** деп жазылып тұр. Балапан өзінің ризашылығын осы ойын арқылы білдіргісі келеді.

Бәрәміз үш топқа бөлінеміз. I топ өзбек ұлты, II топ қазақ ұлты, III топ орыс ұлты. Қазір ұнтаспамен әр түрлі музыка қоямын ,әр ұлт өзінің музыкасын таныса қимылдар жасап билейді . Ал егер қазіргі заман музыкасы ойналса ,бәрің шашыцраңқы

билейсіңдер. де,музыка тоқтаған кезде әр кім өз орындарына тұра қалады.

Балапан сендерге рахметін айтып жатыр.Кәне балапанмен қоштасайық балалар .

**Ән- күй жетекшісі** :Сауболыңдар балалар!

**Балалар** :Сауболыңыз !

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.